

**А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты
Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы**

**Латынграфикалы жаңа әліпби: көне сөздердің терминдендіру
әлеуетін пайдалану қажеттілігі**

Латынграфикалы жаңа әліпбиге көшуде терминологиялық жүйеге де өзгерістер енетіні анық. Яғни латын графикасына көшу мәселесінің тікелей талаптарының бірі – терминдерді біріздендіру болып табылады.

Бүгінгі жаһандану үдерісінде еуропа тілдері, әсіресе, оның ішінде ағылшын тілі – халықаралық жарнама тілі, ғаламтор тілі, заманауи ғылым тілі болуымен, көптеген тілдерге өзінің лингвистикалық ықпалын белсенді түрде жүргізіп келеді. Бұның бір себебі, техника саласы мен ғылымы шетелде ойлап табылатындықтан, ақпараттық технология атауларының (айфон, айпад, макбук, аймак, трекбол, т.б.) бәрі ағылшын тілінде болатыны заңды. Яғни, тіліміздегі жаңа ұғымдар батыс тілдерінен алынған терминдермен толығуда.

Бүгінгі таңда ағылшын кірме сөздерінің пайда болуының бірнеше тәсілдері анықталуда: тікелей кірген, гибридтер, калька, экзотизмдер, колориттер, композиттер [1]. Профессор А.Алдашева шет тілінен енген сөздердің ішкі лингвистикалық себептерін төмендегідей топтастырады:

– қабылдаушы-рецептор тілдің когнитивті базасында болмағандықтан, белгілі бір құбылысты, ұғым-түсінікті, зат-бұйымды атау қажеттілігі (*сенат, кафе, лицензиар, аккредитив, маркетинг, бонус, дисконт, инвестиция, магистр, брокколи*);

– қабылдаушы тілдің когнитивті базасында бар болғанымен, қазақ сөзінің белгілі бір құбылыстың, ұғым-түсініктің, зат-бұйымның ұғымдық сыйымдылығына сәйкес келе бермейтіндігі (*коучинг*);

– сипаттама түріндегі атаудың орнына бір сөзді шетел тілдік бірлігін пайдалану (*пресс-конференция-брифинг*);

– еуропалық тілдерге тән экзотикалық атаулардың көбейе түсуі (*sandwich – сэндвич, hamburger – гамбургер, fish burger – фишбургер, cheeseburger – чизбургер*);

– әртүрлі кәсіби салаларда жаңашылдық бағыттардың пайда болуы (*Facebook, Twitter, Google, instagram*) [2].

Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшудегі негізгі мақсаты – шет тілінен енген кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық әуезіне икемдеп орфограммалау. Дегенмен, осындай еуропа тілдерінен тікелей немесе жанама (орыс тілі арқылы) тілдер арқылы ағылып еніп жатқан кірме сөздер қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, ұлттық бет-бейнесін көрсете бермейтіні анық. Шамадан тыс көп еніп жатқан кірме сөздерді орфографиялау да, аударуда да, калькалау да қиындықтар туғызуы мүмкін. Сол себепті латын графикасына көшуде қазақ тілінің сөздік қорындағы кейбір еуропа сөздерін

түркі халықтарына ортақ көне, кірме араб-парсы сөздерінен сәтті баламасы табылса, терминологиямыздағы бірқатар мәселелер шешілер еді әрі түркілік бірегейлігіміз нығайтар едік.

Қазіргі таңда ертеректе қалыптанып кеткен төл терминдерге мағыналас қолданылатын шеттілдік терминдердің қатары көбеюде. Мысалы, *бақылау – мониторинг, жалпылау – суммативті*, т.б. Яғни төл сөздеріміз терминдік сипатта өз мәнінде жұмсалып тұрса да, онымен мағыналас шеттілдік терминдердің өрісі кеңейіп, жарыспа терминдердің қатарын көбейтуде. Дегенмен бұндай жарыспалықты көбейте берудің еш мәні жоқ. Біздің ойымызша, шет сөздердің баламасын құбылта бергеннен гөрі, қазақ тілінің төл сөздерімен жасалған терминдерді пайдалану әлдеқайда тиімді. Себебі шет сөздердің басымдығы артып кетсе, төл терминдеріміздің өміршеңдігінен айырылып қалуымыз мүмкін. Керісінше, орынсыз қолданылып жүрген шеттілдік сөздерге төл сөздерден сәтті балама тауып, оның нормалануына мүмкіндік жасау керек. Қазіргі таңда бірқатар сөздердің баламасы болуы қуантады. Мысалы, *методика – әдіс, баланс – тепе-теңдік, анализ – талдау, интеграция – бірігу, резюме – түйіндеме, аннотация – аңдатпа, билингвизм – қостілділік, корректура – түзетім, лидер-көшбасшы, модернизация – жаңғырту, мотив – уәж, мотивация – уәждеме, резолюция – қарар* т.б. Шет тілінен енген сөздерді көне сөздермен терминдердірудің бір тетігі – жазба ескерткіштер материалдары мен олардың негізінде құрастырылған сөздіктер болса, екінші тетігі – қазіргі түркі тілдерінде ортақ қолданылатын тілдік бірліктер. Себебі қазақ тілі түркі тілдер тобына кіретіндіктен, тілдік жүйесі мен құрылымында ортақ жалпытүркілік заңдылықтар бар. Бұл болашақта түркі халықтарына ортақ терминдер қорын да жасауға мүмкіндік болады. Бұл түркі халықтарын бұрынғыдан да өзара жақындастыра түсіріп, жалпытүркілік интеграцияны күшейтеді.

1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің тұңғыш съезінде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, соның негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түркі халықтарынан ізделсін; басқа түркілер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса – ондай сөздер жатырқамай алынсын» деп белгіленді [3]. Өз тіліміздің негізінде термин түзу мүмкіндігі болмай жатса, туыс түркі тілдерінен сөз қабылдау қажеттігін Алаш зиялылары түгел қолдады. Түбі солардың пікірі үстемдікке ие болып, термин қабылдауда 30-жылдарға дейін басымдық танытты. Сонымен алаш зиялылары терминалмасудың сыртқы көздерін екіге бөліп қарады. Біріншісі әрі негізгісі – түркі тілдері. Екіншісі – еуропа халықтары тілдері. Онда олардың кең тараған, халықаралық сипатқа ие болғандарын ғана қабылдау қажет деп санады. Ал орыс тілінің атауларын аударып, оларға балама табу қажет деген пікірде болды. Олар орыс тілін терминқор қалыптастыруда пайдаланылатын сыртқы көз ретінде атап көрсетпеді [4]. Бір ғасырдай бұрын Алаш ардақтыларының көтерген

бастамалары қайта қолға алынды. Қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, әзірбайжан ғалымдары Астанада бас қосып, түркітілдес елдердің терминологиясына қатысты біраз мәселе көтерді. Жиынның басты мақсаты – түркітілдес халықтардың ғылым, білім саласындағы байланысын арттыру, өзара термин алмасу үдерісін нығайтып, дұрыс жолға қою және салалық, әсіресе ақпараттық ғылым саласындағы ортақ терминдер қорын қалыптастыру болатын [5].

Соңғы жылдары қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге байланысты қазақ тіл білімінің терминология саласында көне сөздеріміз қолданыстан шығып жатса, ал кейбір сөздер заман талабына сай ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңаша мағына үстеп терминдер қатарынан табылуда. Мысалы, түркі жазба ескерткіштер тіліндегі билік, атақ-лауазым саласындағы атаулар *ел, хан, патша, маслихат, кеңес, мәжіліс, әкім, бұйрық, астана, сарай, құрылтай, жарлық, сарбаз, патша, майдан, орда, жасақшы, төреші*, т.б. қазіргі мемлекеттік басқару аппараттарында жаңаша сипат алып, қолданыс тапқан. Әсіресе, заң саласына қатысты терминдік ұғымдардың басым көпшілігі – байырғы қазақ сөздері. Мысалы, *құрылтай, құқық, бітімгер, ениілес, лауазым, ұран, алқа* т.б. терминденген жаңа қолданыстар - төл сөздеріміздің куәсі. Көне түркі тіліндегі *орду* сөзі Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрк» сөздігінде тек елді мекен атауы сипатында кездессе, енді ел билеуші орналасқан мекенжай деген мағынаны білдіретін термин статусында кең қолданыла бастады. Сол сияқты көне түркі дәуірінен бері өзіндік лексикалық мағынасын сақтап келген *ел* сөзінің де қазіргі мемлекеттік құрылыс терминологиясында үздіксіз қолданылынылып келе жатқан саяси термин. Академик Ә.Қайдар «...көненің көзінде сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, – дей келе, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңзар, ерен, бүйрекші, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады [6]. Ш.Құрманбайұлы соңғы 20 жыл көлемінде көнерген сөздерді қайта жаңғыртып жаңа атаулар жасау үрдіске айнала бастағанын айта келіп, мынадай мысалдармен дәлелдей түседі. Мысалы, *ота* сөзі өте сирек қолданылып, мағынасы көмескі тарта бастаған атау еді. Оның бастапқы мағынасы негізге алына отырып, оған қосымша мағына жүктеу арқылы жаңаша қолданысқа енді [7].

Араб және парсы сөздері түркі тілдерінің даму тарихында, оның ішінде ұлттық тілімізді байытуда маңызды орынға ие болды. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар ішінде тіліміз, дініміз қайта жаңғырып, кейбір архаизмге айналған араб, парсы кірме сөздері неологизмге айналып, тілдік қорымыздың молаюына өзіндік үлесін қосып келді. Тіліміз мемлекеттік дәреже алған кезеңде ғаламдандыру үрдісі кезінде «терминдік бұлқыныс» байқалып, қазақ тілінде қалыптасқан орыс тілді немесе орыс тілі арқылы енген батыстық терминдерінің орнына қазақы немесе шығыстық терминдерді

қабылдау етек жаюда [8]. Осындай тіліміздегі ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб, парсы кірме лексикалық бірліктердің он бес томдық түсіндірме және салалық сөздіктердегі жалпыға ортақ тілдік норманың қалыптасуына ықпал етіп, әдеби тілдің қосымша қызметін атқарып келеді. Шығу төркініне үңілсек, бұлардың кейбірі қазақ тіліне ертерек еніп, лексикалық қорымызға әбден сіңіп кеткендіктен, кірме сөз екендігі байқала бермейтін араб-парсы сөздері болып шығады да, біразы байырғы қазақ сөздері екендігіне көз жеткізуге болады. Оның мысалы ретінде қазіргі қазақ терминдерінің жүйесіндегі мынадай жаңарған терминдерді келтірейік: *класс* – *сынып*, *процент* – *пайыз*, *аудитория* – *дәрісхана*, *лектор* – *дәріскер*, *текст* – *мәтін*, *архив* – *мұрағат*, *виза* – *рұқсатнама*, *автобиография* – *өмірбаян*, *таможня* – *кеден*, *инвентарь* – *мүкәммал*, *информация* – *ақпарат*, *алфавит* – *әліпби*, *коллектив* – *ұжым*, *компетенция* – *құзыр*, *конфискация* – *тәркілеу*, *шкала* – *шәкіл*, *космос* – *ғарыш*, *проблема* – *мәселе*, *юстиция* – *әділет* және т.б. Бұл тілдік құбылыстың себебі ұлттың «жаны», «рухы» болып табылатын тілдегі мұндай өзгерістердің санадағы өзгерістермен, санадағы жаңғырумен байланыстырамыз. Біраз уақытқа дейін жарыса қолданылып келген мұндай бірліктердің тегі араб, парсылық болып табылатын қазақша баламаларын қолдану қатаң нормаға айналды [9].

Араб және парсы сөздері – түркі халықтарының да сөздік қорындағы ортақ тілдік қабат. Әсіресе түркі тілдеріне ертеден әр дәуірде енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігі бүгінгі таңда әлеуметтік-қоғамдық, діни, оқу-ағарту т.б. салаларында кеңінен қолданылады. Сондықтан әлі де кейбір еуропа сөздерін шығыстың араб не парсы сөздерімен өзгертудің артықтығы жоқ. Бір өкініштісі, соңғы кездері *процент* сөзі арабтың «пайыз», *гарантия* «кепіл», *кредит* «несие» араб, парсы сөздерімен беріліп келіп, халықтың сөйлеу және жазба тілінен енді енді орныға бастағанда, қайтадан *процент*, *кредит* сөзімен қалдырылды. Халықтың тілдік санасында қазақ тілінің дыбыстық әуезімен қалыптанып қалған сөздерді терминологиялық жүйеден алып тастау – ұлттық тіліміздің жаңғыруына емес, қостілділіктің жаңғыруына алып келетінін ұмытпауымыз керек. Сондықтан термин талданымда мүмкіндігінше сөздік қорымызды шеттелдік жат элементтерден тазартып, баламасын тауып, қажетімізге жаратсақ, ұмыт болған төл сөздеріміз жаңа мағына алып, актив сөздердің қатарына қайта қосылады. Академик Ө.Айтбай айтып өткендей: «Жалпы, термин пайда болу үшін сол терминге негіз боларлық оқиға қажет. Оқиға, құбылыс болмаса, оны атаудың да қажеттігі болмас еді. Сондықтан, біз үнемі қабылдағыш, алғыш бола бермей, өзіміз де жасағыш, ат бергіш санатына өтуіміз керек» [10]. Ендеше, еуропа тілінен тікелей және жанама еніп жатқан сөздерді орайы келсе, көне (немесе түркі халықтарына ортақ) сөздермен терминдендірсек, бірқатар артықшылықтарға қол жеткізер едік:

біріншіден, қазақ тілінің сөздік қоры төл сөздерімен толығады;

екіншіден, түркі тілдеріне ертеден әр дәуірде енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігі бүгінгі таңда түрлі салаларда кең қолданылады. Бұл – ортақ түркі тілі терминологиясын қалаптыстыруға негіз бола алады;

үшіншіден, түркі халықтарына ортақ көне сөздерді латын графикасымен орфографиялауда қиындықтар туғызбайды.

Әдебиет

1. Туребаева А.Е. Англицизмдердің (ағылшындық кірме сөздер) пайда болу амалдары//<http://netref.ru/>
2. Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)// kazneb.kz //
3. Омарұлы Елдес. Қазақша пән сөздері // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сыйезі: сиез материалдары. Орынбор, 1925. – 75 б.
4. Құрманбай Ш. Ұлттық терминқор қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы // <http://termincom.kz/articles>
5. Құрманбай Ш. Түркі терминқорының ортақ сипатының арта түсуіне барша түркітілдестер мүдделі болып отыр. <http://www.aikyn.kz/> 29 ноябрь, 2011.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар. – Алматы, 2009.
8. Барлыбаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Мектеп, 1978. – 144 б.
9. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. Филолог.ғыл.канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. 10.02.02. – Алматы, 2010.
10. Айтбаев Ө. Ортақ түркі терминологиясын қалыптастыру – бүгінгі күн талабы. – Алматы, «Ана тілі» газеті. 19-25. 04. 2012.

TBILISI